

Singh, R.P.; Panda, B.; Ahaja, S.D.; Agarwal, S.K.; Prakash Babu, M.; Shivastava, A.K. and Butta, O.P. (1981). Development of quails for meat and egg. Central avian Res. Inst. Izatnagar.
SPSS (Statistical Package for Social Science) program version 18, (2009).
Wakasugi, N. (1984). Japanese quail. In: Evolution of Domesticated Animals (Ed. by I.L. Mason), pp. 319-21. Longman, London.

* * *

Это научный эксперимент был проведен в птицефабрике «Жол-Аяк», Алмата, Казахстан. Опыт продолжался в течение четырех поколений (G_0 , G_1 , G_2 и G_3) в 2009-2010 гг. Целью эксперимента являлось изучение влияния селекции по высокой массе тела (НВW) на некоторых репродуктивных признаков (оплодотворенность %, выводимость% и выводимость из оплодотворенных яиц %). Результаты показали, что: отбор по НВW была усовершенствована веса тела в селекционной линии (А) по сравнению с контрольной линии (С). Значительные различия ($P \leq 0,05$) наблюдается между линиями. С другой стороны, оплодотворенность %, выводимость % и выводимость из оплодотворенных яиц %, в отобранной линии были ниже, чем контрольная линия, но никаких существенных различий не наблюдалось между линиями в эти признаки. Эти результаты показывают, что, живая масса в японских перепелов может быть увеличена без снижения оплодотворенность %, выводимость % и выводимость из оплодотворенных яиц %, так что это является хорошим источником животного белка на поставку питания в развивающихся стран.

Эксперименттік жұмыс «Жол-Аяк» құс фабрикасында 2009-2010 жылдары 4-ұрпаққа дейін (G_0 , G_1 , G_2 және G_3) жүргізілді.

Жұмыстың негізгі мақсаты – жоғары тірілей салмақ алу үшін селекцияның тигізген әсерін, шағылысу, инкубатордан шығу пайыздары және шағылысқан жұмыртқадан балапан шығу пайызы бойынша анықтадық. НВW белгісі бойынша іріктеу жүргізе отырып, дене салмағы (А) селекциялық іздерінің (С) селекциялық іздерінен артықшылығын анықтадық.

Жапондық бөденелердің тірілей салмағын шағылыстыру, шығу және шағылысқан жұмыртқаның пайыздық көрсеткіштерін төмендетпей отырып, арттыруға болатындығы дәлелденді. Бөдене еті енді дамып келе жатқан елдер үшін жануарлар белогының көзі болып табылады.

ӘОЖ 636.1.082

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАЗАҚ ЖЫЛҚЫСЫН ЖАҚСАРТУДЫҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

BASIS OF GENETIC IMPROVEMENT OF LOCAL BREEDS KAZAKH HORSES

Турабаев А. – ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

Turabaev A. – candidate by agricultural sciences

ЖШС “Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты”

Мұғалжар тұқымы жергілікті қазақ жылқысын таза тұқым өсіру әдісімен жетілдіре отырып, іріктеу мен жұптау жұмыстарын тиянақты жүргізу арқылы шығарылды. (Қазақстан Республикасы ауылшаруашылық министрлігінің 1998 жылғы 30 желтоқсандағы №156 бұйрығымен). Тұқымды шығару әдістемелері ұрпақтардың шаруашылыққа пайдалы қасиеттері мен биологиялық ерекшеліктерінің зерттелуіне қарай белгіленіп қолданылды. Мал шаруашылығының тиімділігін дамыту жылқы шаруашылығында да ет және сүт өнімін алу бағытындағы жаңа жылқы тұқымын шығаруға ықпалын тигізді. Соған сәйкес, асылдандыру жұмыстарының әдістерін жақсарту және олардың тиімді жолдарын пайдалану қажет болды. Іріктеу жұмыстарында еске алынатын белгілердің тұқымқуалаушылығын келешекте зерттелуі, оның ішінде шаруашылыққа пайдалы қасиеттердің тұқым қуалаушының әртүрлігіне байланысты себептері - асылдандыру жұмыстарын жетілдіру негіздерінің бірі болып табылады. Қасиеттердің тұқым қуалаушылығы мен олардың қатынасты

өзгергіштіктері туралы көп еңбектер жазылды, алайда, зерттеуде назарға алынатын бір қасиеттің немесе белгінің әртүрлі тұқымқуалау себептері әлі де толық шешілген жоқ.

Кезінде Мұғалжар жылқы зауытынан іріктелініп алынған айғырлар мен жергілікті қазақы биелерді сіңіре будандастыру нәтижесінде тірілей салмақтың, дене бітімі белгілерінің тұқымқуалауда кейбір заңдылықтары анықталды. Мұндай шағылыстыруда I ұрпақта тірілей салмақтың доминанттылығы сезілді, ал II ұрпақта бұл қасиеттің екі жаққа ортақ екендігі байқалды.

Аса күрделі құбылыс экстерьер белгілерінің тұқымқуалауында табылған. Бірінші ұрпақта екі топтың тәуір белгілері жақсы байқалған, ал екінші ұрпақта жергілікті жылқылардың қоршаған ортаға бейімделгіш қасиеті жақсы біліне бастаған. Енді, бұл жылқыларға жақсы бағып-күту жағдайларын жақсартқанда белгілердің күшейе түсетіні белгілі. Мұның өзі, дене бітімі аталық жағынан ұрпақтарына берілген қасиеттердің толығымен тұқым қуалауы, көрсетілген күтіп-бағу жағдайы сәйкестігімен түсіндіріледі. Бірінші ұрпақтың дене бітімі, сырт дене пішіні және тірілей салмақтарының тұқым қуалау түрлері бастапқы тұқымдардың соңғы жылдардағы эволюциялық сипатымен байланысты.

Асылдандыру жұмыстың нәтижесінде алынған ұрпақтардың бойында шаруашылыққа пайдалы қасиеттер қалыптаса бастады, “Құланды” жылқы зауытында тұқым ішіндегі құланды тип айғырлардың тірілей салмақтары 410-430 кг-нан 470-480 кг-ға дейін, ал биелердің тірілей салмағы 360-380 кг-нан 410-430 кг-ға көтерілді. Бұл тек, орташа көрсеткіші, қазіргі кезде өндіргіш-айғырлардың генетикалық мүмкіншілігі 530-550 кг-ға дейін жетті.

Кесте 1 - Тұқым ішіндегі құланды тип жылқыларының өзгергіштік коэффициент динамикасы.

Тұқымы	Тірілей салмағы, кг		Кеуде орамы, см	
	M±m	Cv	M±m	Cv
Жергілікті қазақы биелері	370,0±4,9	13,18	165,8±1,05	6,30
I ұрпақ	374,5±4,8	12,75	166,7±0,95	5,67
II ұрпақ	385,6±5,2	13,42	168,6±1,12	2,89
Құланды тип биелері	434,0±3,9	8,48	178±0,26	0,60

Бірінші кестеде жергілікті қазақы биелерді іріктеп алынғаннан кейінгі тірілей салмақ бойынша өзгергіштік коэффициенті I және II ұрпақта бірдей болды. Өзгергіштік коэффициент тек жылқылардың қандылық үлесі көбейгенде ғана сына бастағаны белгілі. Ал, кеуде орамы бойынша өзгергіштік I ұрпақтан бастап үлкен құбылысқа түскенін көруге болады. Екі белгі бойынша өзгергіштіктің толық сынғанын, тұқым ішіндегі құланды тип жылқыларында бекігенін көруге болады. Мұндай өзгерістерге сүйене отырып, жылқыларды іріктеу мен жұптастырудың тірілей салмақ пен кеуде орамы бойынша тиімді екенін білеміз.

Кесте 2 - Тұқым ішіндегі құланды тип жылқыларының тірілей салмағы мен кеуде орамы арасындағы корреляция коэффициенті

Тұқым	Корреляция коэффициенті			
	n	Тірілей салмақ пен кеуде орамы	n	Тірілей салмақ пен дене тұрқы ұзындығы
Жергілікті қазақ жылқысы	99	0,20	99	-0,02
I ұрпақ	85	0,25	85	0,06
II ұрпақ	78	0,36	78	0,06
Құланды тип	135	0,37	154	0,10

Екінші кестедегі көрсеткіштерге көңіл бөлсек, жергілікті қазақ жылқысында тірілей салмақ пен кеуде орамы арасында корреляция көрсеткіші өте төмен, ал, екі әртүрлі ортада өсірілген жылқыларды жұптастыру барысында, олардың қандылығы көбейген сайын белгілерінің өзара байланысы нығая түсті. Тірілей салмақ пен дене тұрқы ұзындығы арасындағы өзара байланыстың бекуі баяу өскен. Белгілі бір ұрпақта бір белгінің өзгеруі екінші белгінің өзгеруіне әсер ете бастағаны көрсетілген.

Кесте 3 - Тұқым ішіндегі құланды типіндегі аталық іздер бойынша тұқым қуалаушылық коэффициенті

Аталық із	Биелер басы (енесі қызы)	Тірілей салмағы кг.		r	h ²
		енелері	қыздары		
Паток	25	433,5±4,85	431,5±3,15	0,25	0,50
Залив	27	437,0±4,60	427,5±3,12	0,27	0,54
Арал	17	435,0±3,05	436,0±3,45	0,32	0,64
Құлан	18	430,0±3,20	432,5±3,10	0,37	0,74
Жергілікті қазақ жылқысы	180	392,6±5,25	390,7±4,85	0,15	0,30

Үшінші кестеде барлық іздердің ұрпақтарының тірілей салмақ бойынша өзара байланысы оң нәтижені көрсетіп тұр. Тұқым қуалау коэффициенттің аса жоғары көрсеткіші Арал мен Құлан аталық іздерінде көрінді. Алайда, бұл аталық іздер Паток пен Заливтің соңғы ұрпақтарына жатады. Негізі, тұқым қуалау коэффициент мөлшері (h²) белгінің нәсілдік қасиетке тәуелділік дәрежесін көрсетеді. Басқаша айтсақ, белгінің тұқым қуалаушылық коэффициенті оның келесі ұрпаққа берілу дәрежесін көрсетеді. Тұқым қуалау коэффициентіне сыртқы факторлар, қасиеттердің ерекшелігі мен өзгергіштігі әсер етеді, сондықтан әртүрлі қасиеттер үшін тұқым қуалаушылық бірдей емес шаманы көрсетеді. Соңғы кездері аталық іздер болып қалыптасқан Құлан және Арал айғырларының тұқым қуалаушылығы бастапқы аталық іздер Паток пен Заливке қарағанда біршама жоғары екені көрініп тұр.

Осындай жайттарды ескере отырып, жылқылардың тірілей салмағы мен кеуде орамының тұқымқуалаушылық дамуын ұрпақтар бойынша зерттеу әдісін кеңейту керектігін білдіреді. Мұның мәнісі, ата-тегін бағалау нәтижелеріне талдау жасай отырып, тек қана аталығы емес, сонымен қатар аналықтары ұрпақтарының өнімділігі бойынша бағалануында.

* * *

В данной статье приведены генетические основы улучшения местных казахских лошадей по поколениям чистопородном разведении.

In given article are brought genetic bases of the improvement of the local kazakh horses on generations under thoroughbred breeding.

ӘОЖ 619.614.31.637.636

ҚАРАКӨЛ ҚОЗЫСЫ ЕТІНІҢ ТАҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

FOOD VALUE KARAKOLE SHEEPS

Жұмагелдиев А.Ә.
Zhumageldiev A.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Кіріспе. Халықты сапалы, құнды тағамдық өнімдермен қамтамасыз ету - мемлекетіміздің әлеуметтік экономикалық даму стратегиясының басты мақсаты екені баршамызға аян. Ол, көп жағдайда инновациялық үрдістердің даму сатысымен айқындалады. Осы мақсатқа орай, мемлекетіміз 2009-2015 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық даму стратегиясын қабылдады және қазір жүзеге асырылуда. Инновациялық дамудың негізінде ғылымды өндіріспен